



2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік кеңестің жұмыс жоспары

Әдістемелік кеңестің мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарты мен Әдістемелік нұсқау хат талаптарын басшылыққа ала отырып, тәрбиелеу-білім беру процесін сапалы ұйымдастыру; педагогтердің кәсіби біліктілігі мен әдістемелік шеберлігін заманауи ойын технологиялары, практикалық семинарлар мен шеберлік сыныптары арқылы арттыру.

Әдістемелік кеңестің міндеттері:

- Нормативтік-құқықтық қолдау;
- Кәсіби шеберлікті шыңдау;
- Іс-тәжірибені тарату;
- Тақырыптық бақылау мен талдау;
- Білім беру ортасын дамыту.

№	Тақырыбы	Түрі	Мерзімі	Жауапты
1	1.2023-2024 оқу жылының әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру. 2. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері 3. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері. 4. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласы педагогтерінің басты міндеттері 5. Тақырыптық бақылау. Тәрбиешілердің педагогикалық құжаттарының дайындығы	Дөңгелек үстел, пікір талас	Қазан	Әдіскер
2	«Ойындар әлеміне саяхат» Тақырыптық бақылау. «Мектеп жасына дейінгі балалардың ой-өрісін дамыту ойындары» қорытындысы:	Іс тәжірибелік семинар	Ақпан	Әдіскер
3	«Ойын - тәрбие мен білім құралы» Тақырыптық бақылау. Ойын-сауықтар мен ертеңгіліктердің ұйымдастырылу	Шеберлік сынып	Сәуір	Әдіскер

	деңгейі			
--	---------	--	--	--

№1 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Тақырыбы: *«Мектепке дейінгі ұйымда оқу-тәрбие процесін жаңа әдістемелік нұсқау хат негізінде сапалы жоспарлау»*

Өткізілген күні: «11» қазан 2023 ж.

Өткізілген орны: «Ақниет+» жеке бөбекжай- балабақшасы

Қатысқандар: Менгеруші, әдіскер, тәрбиешілер

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылының әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру.
2. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері.
3. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласы педагогтерінің басты міндеттері.
4. Тақырыптық бақылау қорытындысы: «Тәрбиешілердің педагогикалық құжаттарының дайындығы». *Баяндамашы: Әдіскер: Б.Б.Нуржанова*

1. Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші, екінші және үшінші мәселелер бойынша Б.Б.Нуржанова сөз сөйледі. Ол дөңгелек үстел форматында өткен отырысты аша отырып, ҚР Оқу-ағарту министрлігі ұсынған 2023-2024 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хаттың негізгі бағыттарымен таныстырды.

Әдіскер өз сөзінде биылғы оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктеріне тоқталды. Оның ішінде: баланың еркін ойын әрекетіне уақыт бөлу, қатаң сабақ кестесінен икемді циклограммаға көшу, балалардың жас ерекшеліктеріне сай даму карталарын толтыру мәселелерін қозғады. Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басты міндеті-баланы мектепке тек білім жағынан ғана емес, психологиялық, әлеуметтік-эмоционалдық тұрғыдан даярлау, олардың бойында өмірлік маңызды дағдыларды

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша әдіскер: Б.Б.Нуржанова қазан айында жүргізілген тақырыптық бақылаудың қорытындысымен таныстырды. Бақылау барысында тәрбиешілердің педагогикалық құжаттарының (перспективалық жоспарлар, циклограммалар, балалардың даму карталары) дайындығы мен талапқа сай жүргізілуі тексерілді. Тексеріс қорытындысы бойынша педагогтердің басым бөлігі құжаттарды уақытылы әрі сауатты толтырған. Алайда, кейбір жас мамандардың циклограмма құруда және күн

тәртібіндегі іс-шараларды Әдістемелік нұсқау хат талаптарымен сәйкестендіруде әдістемелік көмекті қажет ететіні анықталды.

Пікір талас және талқылау (Дөңгелек үстел):

Баяндамадан кейін педагогтер ортаға салынған мәселелер бойынша өз ойларын ортаға салып, пікір таластырды.

Елдібаева М.Е Жаңа нұсқау хатта баланың еркін ойынына көп уақыт берілген. Осы орайда ұйымдастырылған оқу қызметі мен ойын арасындағы тепе-теңдікті циклограммада қалай тиімді көрсетуге болады?

Б.Б.Нуржанова Ұйымдастырылған іс- әрекетін бөлек іс-әрекет ретінде емес, күнделікті іс-әрекеттердің (серуен, ойын, таңғы қабылдау) ішіне кіріктіріп, ойын түрінде ұйымдастыру керек. Сонда бала шаршамайды және еркін ойынға да уақыт жетеді.

М.Б.Бакаева Педагогикалық құжаттарды толтыруда қателіктер жіберген жас мамандарға қандай қолдау көрсетіледі?

Б.Б.Нуржанова Жас мамандарға көмек ретінде қараша айында «Тәжірибелі тәрбиеші» мектебі аясында циклограммамен жұмыс істеу бойынша тәжірибелік кеңестер мен коучингтер ұйымдастырылады.

Шешім:

1. 2023-2024 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хаттың талаптары мен ерекшеліктері басшылыққа алынып, тәрбиелеу - білім беру процесінде қатаң сақталсын.
2. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басты міндеттерін іске асыру мақсатында балалардың бойында дербестік, коммуникативтік және шығармашылық дағдыларды дамыту жұмыстары күшейтілсін.
3. «Тәрбиешілердің педагогикалық құжаттарының дайындығы» тақырыптық бақылау қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын. Анықталған шағын кемшіліктерді жою мақсатында тәрбиешілерге құжаттарды жаңа нұсқау хатқа сай жүйелеу үшін 10 күн уақыт берілсін.
4. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету және тәлімгерлік жұмысты жандандыру бөбекжай әдіскеріне жүктелсін.
5. Хаттама шешімдерінің орындалуын бақылау әдіскер Б.Б.Нуржановаға қалдырылсын.

Төрайым:



Б.Б.Нуржанова

Хатшы:



К.Н.Имангалиева

№2 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Тақырыбы: «Ойындар әлеміне саяхат»

Өткізілген күні: «19» ақпан 2024ж.

Өткізілген орны: «Ақниет+» жеке бөбекжай- балабақшасы

Қатысқандар: Менгеруші, әдіскер, тәрбиешілер

Күн тәртібі:

1. №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалу барысы.

Баяндамашы: Әдіскер: Б.Б.Нуржанова

2. «Ойындар әлеміне саяхат» іс-тәжірибелік семинары (Тәрбиешілердің іс-тәжірибесімен бөлісуі).

*Баяндамашылар: Топ тәрбиешілері: Губайдоллина Гульнур Нурболатовна;
Елдібаева Мадина Елдібайқызы*

3. Тақырыбық бақылау қорытындысы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың ой-өрісін дамыту ойындары».

Баяндамашы: Әдіскер: Б.Б.Нуржанова

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері сөз алды. Ол қазан айында өткен №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуына талдау жасады. Тәрбиешілердің педагогикалық құжаттарындағы кемшіліктер толықтай жойылып, Әдістемелік нұсқау хат талаптарына сай икемді циклограммалар мен перспективалық жоспарлар сәтті жүзеге асырылып жатқанын хабарлады. №1 кеңестің шешімдері толық орындалғандықтан, бақылаудан шығаруды ұсынды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша «Ойындар әлеміне саяхат» тақырыбында іс-тәжірибелік семинар өткізілді. Семинар барысында тәжірибелі тәрбиешілер Губайдоллина Гульнур Нурболатовна мен Елдібаева Мадина Елдібайқызы өз топтарында қолданып жүрген нәтижелі ойын әдістерін көрсетті. Тәрбиешілер мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлауын, зейінін, есте сақтау қабілетін арттыратын В.Воскобовичтің дамытушы ойындарын, Дьенеш

блоктарын және Кюизенер таяқшаларын тәжірибеде қалай қолдану керектігін ортаға салып, педагогтармен бірге практикалық жаттығулар жасады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері: Б.Б.Нуржанова ақпан айында жүргізілген «Мектеп жасына дейінгі балалардың ой-өрісін дамыту ойындары» атты тақырыптық бақылаудың қорытынды есебін оқыды.

Бақылау қорытындысынан: «Тексеріс барысында барлық топтарда ойын бұрыштарының талапқа сай жабдықталғаны анықталды. Тәрбиешілер балалардың жас ерекшеліктеріне қарай дидактикалық, үстел-үсті және интеллектуалдық ойындарды ұйымдасқан оқу қызметінде де, еркін әрекетте де қолданады. Дегенмен, ересектер мен мектепалды топтарында балалардың сыни ойлауын дамытатын күрделірек логикалық тапсырмалар мен ТРИЗ (Өнертапқыштық міндеттерді шешу теориясы) элементтері бар ойындар аз қолданылатыны байқалды.»

Талқылау және пікір алмасу:

-Тәрбиеші: Семинарда көрсетілген Воскобович ойындарын кіші топтарда қолдануға бола ма, әлде тек ересек балаларға арналған ба?

-Баяндамашы тәрбиеші: Бұл ойындардың деңгейлері әртүрлі. Кіші топтарға арналған қарапайым пішіндер мен түстерді ажырату нұсқалары бар, соларды қолдануға әбден болады.

Абдрахманова Г.С Тақырыптық бақылауда айтылған ТРИЗ технологиясы бойынша топта жұмысты қалай жандандырамыз?

Б.Б.Нуржанова Келесі әдістемелік сағатта ТРИЗ элементтерін (мысалы, «жақсы-жаман», «не болады, егер...» ойындары) циклограммаға енгізу бойынша қысқаша нұсқаулық беремін.

Шешім:

1. №1 әдістемелік кеңес шешімдері толық орындалды деп танылсын және бақылаудан шығарылсын.
2. «Ойындар әлеміне саяхат» іс-тәжірибелік семинарында көрсетілген озық әдіс-тәсілдер мен дамытушы ойын технологиялары барлық топтардың тәрбиешілері тарапынан тәжірибеге енгізілсін.
3. «Мектеп жасына дейінгі балалардың ой-өрісін дамыту ойындары» тақырыптық бақылау қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.

4. Ересек топ тәрбиешілеріне балалардың ой-өрісі мен сыни ойлауын дамыту үшін күнделікті жұмысқа ТРИЗ әдістемесі мен логикалық тапсырмаларды жиірек кіріктіру тапсырылсын.
5. Топтардағы дамытушы ойын орталығын (интеллектуалдық ойындар бұрышын) заманауи көрнекіліктер мен толықтыру наурыз айының 5-іне дейін жүргізілсін.
6. Шешімнің орындалуын бақылау әдіскерге жүктелсін.

Төрайым:  Б.Б.Нуржанова

Хатшы:  К.Н.Имангалиева

№3 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Тақырыбы: «Ойын - тәрбие мен білім құралы»

Өткізілген күні: «04» сәуір 2024ж.

Өткізілген орны: «Ақниет+» жеке бөбекжай- балабақшасы

Қатысқандар: Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер

Күн тәртібі:

1. №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалу барысы.

Баяндамашы: Әдіскер: Б.Б.Нуржанова

2. «Ойын - тәрбие мен білім құралы» тақырыбындағы шеберлік сынып (Практикалық көрсетілім).

Баяндамашылар: Тәрбиешілер

3. Тақырыптық бақылау қорытындысы: «Ойын-сауықтар мен ертеңгіліктердің ұйымдастырылу деңгейі».

Баяндамашы: Әдіскер: Б.Б.Нуржанова

1. Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері сөз алды. Ол ақпан айында өткен №2 әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысына тоқталды. Топтарда балалардың ой-өрісін дамытуға бағытталған интеллектуалдық ойын бұрыштары жаңартылып, ТРИЗ технологиясы элементтері циклограммаға сәтті енгізілгенін атап өтті. №2 кеңестің шешімдері толық орындалғандықтан, бақылаудан шығаруды ұсынды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша «Ойын - тәрбие мен білім құралы» тақырыбында педагогтердің шеберлік сыныбы ұйымдастырылды. Тәжірибелі тәрбиешілер: Абдрахманова Г.С, Губайдоллина Г.Н оқу-тәрбие процесінде ойын арқылы баланың тілін дамыту, қоршаған ортамен таныстыру және математикалық ұғымдарды қалыптастырудың тиімді жолдарын іс жүзінде көрсетті. Педагогтар ортаға шығып, рөлдік және дидактикалық ойын жағдаяттарын бірге ойнап, балалардың зейінін тұрақтандыруға арналған жаңа психологиялық тренинг-ойындарды меңгерді. Шеберлік сынып өте жоғары белсенділікпен өтті.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша *Бөбекжай әдіскері: Б.Б.Нуржанова* сәуір айында жүргізілген «Ойын-сауықтар мен ертеңгіліктердің ұйымдастырылу деңгейі» атты тақырыптық бақылаудың қорытынды есебімен таныстырды.

Бақылау қорытындысынан: «Бөбекжайда мерекелік іс-шаралар мен ойын-сауықтар бекітілген жоспарға сай өткізіледі. Тәрбиешілер сценарийлерді заманауи бағытта құрастырады. Алайда, ертеңгіліктерді ұйымдастыру барысында балаларға тым көп өлең мен тақпақ жаттатып, ұзақ дайындықтар (репетициялар) арқылы шаршату жағдайлары кездеседі. Мерекелік шаралар бала үшін салмақ емес, олардың еркін көңіл көтеретін, ойын түріндегі танымдық сәттеріне айналуы тиіс.»

Талқылау және пікір алмасу:

Губайдоллина Г.Н Ертеңгіліктерді үлкен концерт сияқты емес, балалардың ойын-сауығы ретінде өткізу үшін сценарийлерге қандай өзгерістер енгізуіміз керек?

Абдрахманова Г.С сценарийде балалардың тек жаттанды тақпақ айтуын азайтып, оның орнына сюжетті ойындарды, тосын сый сәттерін (сюрпризный момент) және интерактивті билерді көбірек қосқан жөн.

Елдібаева М.Е бүгінгі шеберлік сыныпта көрсетілген ойын түрлерін күнделікті циклограмманың қай бөлігінде қолданған тиімдірек?

Б.Б.Нуржанова бұл ойындар өте икемді. Сондықтан оларды таңғы қабылдау кезінде де, ұйымдастырылған іс-әрекет арасындағы сергіту сәттерінде де, серуеннен кейінгі уақытта да қолдануға болады.

Шешім:

1. №2 әдістемелік кеңес шешімдері толық орындалды деп танылсын және бақылаудан шығарылсын.
2. «Ойын - тәрбие мен білім құралы» тақырыбындағы шеберлік сыныпта көрсетілген практикалық әдіс-тәсілдер мен ойын түрлері барлық педагогтардың жұмыс тәжірибесіне енгізілсін.
3. «Ойын-сауықтар мен ертеңгіліктердің ұйымдастырылу деңгейі» тақырыптық бақылау қорытындысы назарға алынсын.
4. Тәрбиешілеріне алдағы мамыр айындағы (білім күні, оқу жылын қорытындылау, бітіруші топтардың ертеңгіліктері) мерекелік шараларды балалардың жас ерекшелігіне сай, шамадан тыс дайындықсыз, ойын-сауық және шоу-бағдарлама форматында ұйымдастыру тапсырылсын.
5. Шешімнің орындалуын бақылау және педагогтерге әдістемелік бағыт-бағдар беру бөбекжай әдіскеріне жүктелсін.

Төрайым:



Б.Б.Нуржанова

Хатшы:



К.Н.Имангалиева